

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 28 желтоқсандағы N 1317 және 2009 жылғы 15 мамырдағы N 732 қаулыларына өзгерістер енгізу туралы

Күші жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 27 маусымдағы N 987 Қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2010.06.07 № 520 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2010.06.07 № 520 (2010.07.10 бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Қазақстан Республикасының Кедендік тарифі және Сыртқы экономикалық қызметінің тауар номенклатурасы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 28 желтоқсандағы N 1317 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2008 ж., N 50, 610-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының Кедендік тарифінде және Сыртқы экономикалық қызметінің тауар номенклатурасында:

Қазақстан Республикасы аумағынан әкетілетін тауарларға кеден баждарының с т а в к а л а р ы н д а :

мына:

"

7601 10 000 0	- легирленбеген алюминий	-	15, бірақ 1000 кг үшін	100 еуродан кем емес
---------------	--------------------------	---	------------------------	----------------------

"

деген жол алынып тасталсын;

Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімдеріне сәйкес уақытша негізде қолданылатын кедендік әкету баждарының ставкаларында:

мына:

"

7601 10 000 0	- легирленбеген алюминий	-	0	2009 жылғы 1 қазанға дейін қолданылады
---------------	--------------------------	---	---	--

"

деген жол алынып тасталсын.

2. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 28 желтоқсандағы N 1317 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 15 мамырдағы N 732 қаулысында :

1-тармақтың отызыншы, отыз бірінші, отыз екінші және отыз үшінші абзацтары алынып тасталсын.

3. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі екі апта мерзімде Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың Интеграциялық комитетінің

Хатшылығын Қазақстан Республикасының Үкіметі қабылдайтын сыртқы сауда қызметін реттеу жөніндегі шаралар туралы хабардар етсін.

4. Осы қаулы 2009 жылғы 26 маусымнан бастап қолданысқа енгізілетін 2-тармақты қоспағанда, алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін отыз күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі *К. Мәсімов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК